






Классицизм



Сентиментализм

Джейн Эйр



Қорғансыздың күні

Қорғансыздың күні

Романтизм


XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бас кезінде феодалдық крепостнойлық қоғам іріп, ыдырап, буржуазия қанат жая бастаған дәуірде, орыс және Батыс Европа әдебиетінде қанатын кең жая бастаған әдеби метод романтизм болды

Романтизм классицизммен, оның түр мен мазмұнға белгілі бір мөлшер қоюшылығымен және жазу жөніндегі тәртіптерімен күресе отырып қалыптасты.

Романтизм кім қай тақырыпты таңдайды, оны қалай суреттеп береді, бұл жағынан суретшінің ерікті болуын талап етті.

Шындық өмірден алыстап, болған нәрседен гөрі болуы керек деп аңсаған нәрсесін суреттеуші романтик жазушылардың шығармаларында дағдыдан тыс тарихи не географиялық жағдайларды немесе өзгеше бір жаратылыс не әлеуметтік орталарды алатындары өте жиі кездеседі.

Романтикалық шығармалардың қаһармандары көбіне бір жақты және өте асыра дәріптелініп суреттелді. Бұлар не болмаған күшті, не болмаған әдемі немесе мүлде бұзылған, шектен шыққан, бұзақы, әйтеуір өзінің жаратылысында не іс-әрекеттерінде көңіл аударарлық бір қасиеті болады. Романтиктердің назарын аударған нәрсе де жайшылықтағы қалыптан үздік шыққан, дағдыдан тыс ерекшеліктер. Олар сол ерекшеліктерді не жақсы жағынан, не жаман жағынан көрсетті. Бірақ қалай көрсетсе де, дағдыдағы қалыптан өзгеше етіп суреттеді.




Романтизм ағымының ерекшеліктері

Романтикалық шығармаларда оқиға дағдыдан тыс мекен, өмірде кездесе бермейтін жағдайда болады. Екінші, қаһармандары болған адамнан гөрі, болуы керек не өте бір сирек кездесетін және қолынан жақсылық та, жамандық та келерлік, сөзіне ісі сай, қатардағы жай адамдардан дараланып, ерекше көзге түсерлік болып келеді. Үшінші, романтикалық қаһармандарға тән мінез - мейлінше бірбет, қайсарлық; нені болсын олар жеріне жеткізе істейді. Ең ақыры, бұзылса, мықтап бұзылып, түзелсе, бұрынғы әдетін мүлде қайталамай, мықтап түзеледі. Жақсы көрсе құлай, беріле жақсы көреді де, жек көрсе, енді көрмес, қайырылмас шекке шейін барады. Төртінші, қаһармандардың не портреттерін, не мінездерін қарсыма-қарсы қоюшылық; сұлулық пен сиықсыздық, ерлік пен қорқақтық, мейірімділік пен қаталдық тағы басқа осылар тәрізді екі шектегі мінез, көрік, іс-әрекеттерді шендестіріп суреттейді.



Печорин



Онеги


н

Реализм

Реализм - искусство мен көркем әдебиеттің негізгі методтарының бірі. Реализмнің негізі - өмір шындығы. Жазушы ақындардың бір алуаны шындықты көрсетуді негізгі нысанасы етеді де, өздеріндегі бар мүмкіншілікті пайдаланып, шығармаларында өмірді толық, кең түрде суреттеуге күш салады. Өмір, өмірдегі күрес, тартыс, іс-амал, қарым-қатыстар шығармада айнаға түскен сәуледей әрі толық, әрі жанды болса деген тілек қояды. Бұл идея, әдіс бір ақын не бір жазушы емес, әлденеше жазушы, ақындарға тән. Осыдан келіп, олардың пікірлестік, әдістестігі, шындық өмір құбылысын әдебиетте творчестволық жолмен іске асыру мәселесі туады. Міне, осындай методпен жазуды әдебиетте, искусствода реализм әдісі деп атайды.

Реализмнің элементі ауыз әдебиетінде де, классицизм, романтизм методтарымен жазылған шығармаларда да кездеседі. Романтизм методтарымен жазылған шығармалардың кейбіреуінде реализм элементтері мидай араласып, жігін ашу қиынға да түсетін жайттар кездеседі. Әйтсе де айыруға, негізінде қай методқа жататындығын білуге болады.

Реализмнің дамыған, толысқан кезі - XIX ғасыр. Қай елдің әдебиеті болсын реализм методтарының XIX ғасырда дамуы кездейсоқ емес, қоғам өмірінің даму жолдарымен нық байланысты



Европада Бальзак, Флобер, Диккенс, орыста Пушкин, Тургенев, Л.Н. Толстой, Гоголь, Гончаров тәрізді бүкіл дүниежүзі әдебиетіне үлгі болған ұлы реалистер, қазақ әдебиетіндегі Абай - бәрі де XIX ғасырдың төлдері.

Социалистік реализм

жалпы еңбекші халықтың ерлік істерін және олардың социалистік ой-санасының біртіндеп өсіп, жаңа өмірдің белсенді, саналы құрушысы, қожасы екендігін негізгі мәселе етіп көрсету - социалистік реализмге ғана тән ерекшелік.

Әдебиеттің партиялық принципі мен советтік патриотизм мәселесін жырлау нық байланысты. Бірін екіншісінен бөліп алып қарауға болмайды. Еңбек майданында болсын, соғыс майданында болсын не мәдениет майданында болсын, совет адамдарының жасы да, кәрісі де біздің совет әдебиетінде өз Отанына шын берілген, оны тереңнен сүйетін адамдар етіліп суреттелінеді. Бұл - социалистік өмір шындығы. Кешегі Ұлы Отан соғысында пулемет ауызын өз денесімен жапқан, самолетімен бірге жанып, жаудың аэродромын өртеген, беліне гранат байлап, танк астына түсіп, жау танкілерін қиратқан совет адамдарының тарих көрмеген ерліктері жер жүзіне мәлім. Олардың сол минутта ойын кернеп, бойын билеген жалғыз-ақ сезім - Ұлы Отанына деген зор махаббат, терең сүйішілік. Бұл ерліктер өмір шындығы десек, совет жазушылары шығармаларында осы шындықты өз тұрғысында, яғни социалистік реализм методымен суреттеді. Өйткені совет адамдарының бұл тәрізді саналы түрдегі ерліктері бүгінге шейінгі романтизм методымен жасалған, қиял дүниесі араласатын образдардан әлдеқайда мойыны озық, олардың ешқайсысының іс-амалы совет адамдарының патриоттық қимылдарының деңгейіне келе де алмайды.

Бірақ совет жазушыларының тарихи рөлі өмір шындығын нақтылы шындық қалпында көрсетуінде ғана емес (әрине, оның мәні зор), сол тәрізді әлемді таңғалдырған совет адамдарының ерліктерінің негізгі себебі - коммунистік тәрбиеге, Коммунистік партия бастаған социализм, коммунизм қоғамының ұлы идеясына берік сенушілік екендігін терең түсініп, дұрыс аша білуінде. Алдағы нысанаға еркін көзі жетіп, халықтық ұлы идеяға берік сенген адам ғана үлкен ерлік жасамақ, керек болса, халықтық идея үшін өз басын құрбан етуге бара алатындығын шебер көрсете алуында.

Біз бұдан әдебиеттегі социалистік реализм методы жазушылардың ойлап шығара салған нәрсесі емес, социалистік өмір шындығының өзі туғызған заңды әдебиеттік құбылыс екендігін көреміз.

Сыншыл реализм

XIX ғасырда реализмнің бір түрі сыншыл реализм болды. Сыншыл реализмге тән нәрсе әлеумет өмірінің жаман жақтарын батыл түрде шенеу, сынау, оларды өткір сатира, мысқыл кекесіндер арқылы көпшіліктің алдына тартып, жұртшылықтың ондай мінез-құлық, іс-әрекеттерден аулақ болуын мақсат етті.

Сыншыл реализмнің негізгі идеялық мазмұны - патриотизм, езілуші халық көпшілігінің ауыр халіне жаны ашушылық, соны жеңілдетуге өзінің көркем шығармасы арқылы атсалуды.

Орыс әдебиетінде сыншыл реализмнің басты өкілі - Гоголь. Гоголь өз дәуіріндегі әлеумет өмірінің жаман жақтарын мейлінше қатты сынады.

Қоғамның ілгерілеуіне кесел келтіруші өзімшілдік, қорқаулық, дүниеқоңыздық, өтірік, өсек, жылпостық, не алуан ездик, қысқасын айтқанда, өмір құбылысында кездесіп отырған неше түрлі жаман мінез, іс-әрекеттерді ол көре де, жеріне жеткізе сынап, өлтіре сықақ етіп көрсете де білді. Ондағы мақсаты: суреттеген жағымсыз мінез, іс-әрекеттерге қарсы оқырмандарының өшпенділігін күшейту, күреске шығуын аңсаушылық еді. Оның «Өлі жандары», «Ревизоры» - осы идеядан туған шығармалар.